

## Петропавл қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 1967 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қаңтарда № 5143 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 515 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 26.04.2023 № 515 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 31 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңы 8 - бабының 2), 3) тармақшаларына, 27 - бабының 2 тармағына сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Петропавл қаласының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Петропавл қаласы әкімдігінің Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркеген күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Петропавл қаласы әкімінің осы салаға жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Тасмағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Петропавл қаласы әкімдігінің 2018  
жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
қаулысына қосымша

### **Петропавл қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 30.04.2021 № 657 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№ р/н	Арнайы бөлінген орындар
1.	Әубәкір Ысмайылов атындағы және Нұрсұлтан Назарбаев көшелерінің қиылысы, қоғамдық көлік аялдамасының ауданында.
2.	Иван Яковлевич Смирнов көшесі, "Заря" қонақ үйінің ауданында.
3.	Аяған Шәжімбаев атындағы көше, № 60 үйдің ауданында.
4.	Ғ. Мүсірепов көшесі, "Башмачок" ательесінің ауданында.
5.	И.П. Шухов көшесі, № 38 үйдің ауданында.
6.	Қаттай Кеншінбаев атындағы көше, № 12 үйдің ауданында.
7.	Батыр Баян көшесі, "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "№ 26 мектеп-балабақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ауданында.
8.	Коминтерн көшесі, "Дары моря" мамандандырылаған сауда павильонының ауданында.
9.	Украинская көшесі, № 181, автобөлшектеудің ауданында.
10.	Кеңес Одағының төрт мәрте батыры Георгий Константинович Жуков атындағы көше, № 42 үйдің ауданында.